

## **БЖЗҚ веб-сайты арқылы салымшының (алушының) хабарландыру тәсілін анықтауы туралы келісім**

БЖЗҚ веб-сайты арқылы салымшының (алушының) хабарландыру тәсілін анықтау туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ) және салымшы (алушы) арасында кейінгісінің Келісім талаптарына қосылу жолымен жасалады және (электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушы логині мен паролін қолдана отырып жеке кабинет арқылы) хабарландыру тәсілін анықтау кезінде тараптардың жауапкершілігін белгілейді.

Салымшы (алушы) Келісімге электрондық цифрлық қолтаңбамен Салымшының (Алушының) деректемелерін өзгерту туралы өтінішіне (бұдан әрі - өтініш) қол қою жолымен қосылады.

### **1. Келісім мәні**

1.1. Келісім салымшы (алушы) толығымен және сөзсіз қабылдайтын электрондық (жария) оферта ретінде қолданылады.

1.2. Салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарландыру тәсілін анықтауы келісімнің мәні болып табылады.

1.3. Келісімді жасай отырып салымшы (алушы) БЖЗҚ-да ашылған барлық өзінің жеке зейнетақы шоттары бойынша «электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушы логині мен паролін қолдана отырып жеке кабинет арқылы» зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарландыру тәсілін анықтауға келісім береді.

### **2. Тараптардың жауапкершілігі**

#### **2.1. БЖЗҚ:**

2.1.1. өтінішке қол қойған күннен бастап БЖЗҚ-да ашылған салымшының (алушының) барлық жеке зейнетақы шоттары бойынша «электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушы логині мен паролін қолдана отырып жеке кабинет арқылы» зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарландыру тәсілін анықтауды;

2.1.2. өтінішке қол қойған күннен бастап тәулік бойы (техникалық жұмыстардың жүргізілуіне байланысты БЖЗҚ веб-сайтының жұмысындағы үзілісті қоспағанда) «электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушы логині мен паролін қолдана отырып жеке кабинет арқылы» салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға қол жетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

#### **2.2. Салымшы (алушы) өтінішке қол қойған күннен бастап:**

2.2.1. зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алу үшін қолданылатын жеке параметрлердің (логин (ЖСН), пароль, электрондық мекенжай, телефон нөмірі, басқасы) сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етуге;

2.2.2. үшінші тұлғалардың қасақана және/немесе абайсызда жасаған іс-әрекеттерінің нәтижесінде қол жеткізген зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алу үшін қолданылатын жеке параметрлердің (логин (ЖСН), пароль, электрондық мекенжай, телефон нөмірі, басқасы) пайдаланылуына жауапкершілік тартуға міндетті.

2.3. Салымшы (алушы) Келісімге қосыла отырып, үшінші тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушы логині мен паролін қолдана отырып жеке кабинет арқылы ақпаратты заңсыз алу тәуекелін түсінетіндігін растайды және өзіне осындай тәуекелді қабылдайды.

2.4. БЖЗҚ үшінші тұлғалардың салымшының (алушының) конфиденциалды ақпаратын пайдаланумен байланысты, оның ішінде олардың «электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушы логині мен паролін қолдана отырып жеке кабинет арқылы» салымшының

(алушының) жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмесін алуымен байланысты туындаған кез келген зиян үшін жауапкершілік тартпайды.

### **3. Қорытынды ереже**

3.1. Салымшы (алушы) өтінішке қол қойған күннен бастап Келісімге қосылған болып саналады.

3.2. Келісім қазақ және орыс тілдерінде жасалған және БЖЗҚ интернет қорына орналастырылған.